



SEMEYtanu

№ 17 (19769) 3 наурыз, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

Важен голос каждого из нас!

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

РЕФЕРЕНДУМ

АБАЙ ЕЛІ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫН ҚОЛДАЙДЫ

Облыс орталығындағы «Арена» спорт кешенінде «Семей» футбол клубы Қазақстан чемпионатының 28-туры аясында Орал қаласының «Бәйтерек» командасын қабылдады. Тартысты кездесуді көпшілікпен бірге облыс әкімі Берік Уәли тамашалады. Матч барысында өңір жастары жаңа Конституция жобасын қолдап, арнайы акция өткізді. Облыс әкімінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, шараға шамамен 5 мыңға жуық адам қатысты.



Ай-Көркем МАҚЫШ, «Semei tanu»

Матч алдында сөз сөйлеген аймақ басшысы алдағы референдумның маңызына тоқталып, Конституция ел дамуы жолындағы құнды стратегиялық құжат екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 15 наурызда республикалық референдум өткізу туралы жарлыққа қол қойды. Бұл – Президенттің соңғы 7 жылда жүргізіп отырған саяси реформаларының логикалық жалғасы. Ал Абай жұртшылығы Мемлекет басшысының саясатын толық қолдайды. 15 наурызда бір кісідей референдумға келіп, жаңа Конституцияға дауыс беруге, қолдауға шақырамын, – деді Берік Уәли.

Аймақ басшысы «Семей» футбол клубының отандық спортты дамытуға қосып отырған қомақты үлесін ерекше атап өтті.

Өздеріңізбен жүздесіп отырғанымна қуаныштымын. Семей – қазақ футболының отаны. Ал «Семей» футбол клубы – өңіріміздің мақтанышы. Екі жыл қатарынан Қазақстан кубогын ұтып, елге, жастарымыз бен балаларымызға өнегелі жол, үл-

гілі бағыт көрсетіп келеді. «Семей» футбол клубы – Қазақстанның кәсіби футболындағы жаңа серпін мен жаңа дәуірдің айқын көрінісі. 2023 жылы құрылған клуб аз уақыт ішінде ел спортының ажырамас бөлігіне айналып, жоғары нәтижелерімен барша жанкүйердің сеніміне ие болды. Халықаралық аренада да клубтың жетістіктері ерекше атап өтуге лайық. Биылғы маусымда команда UEFA Чемпиондар лигасының ширек финалына жолдама алды. Францияның «Этуаль» клубына қарсы өтетін қарымта ойында «Семей» футбол клубына сәттілік тілейміз. Командамызға жеңіс тілей отырып, Еуропаның ең үздік төрт командасының қатарына еніп, әлемнің мықтылары қатарында бақ сынауына тілектестік білеміз, – деді облыс әкімі.

«Семей» футбол клубы Қазақстан кубогының финалында «Ақтөбе» командасын жеңіп, екінші жыл қатарынан мәртебелі жүлдені иеленген болатын. Матч алдында команда капитаны Шыңғыс Есенаманов жеңіс кубогын аймақ басшысына салтанатты түрде табыстады.

«Семей» мен «Бәйтерек» командалары арасындағы кездесу тартысты өтіп, 3:1 есебімен алаң иелері жеңіске жетті.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ АЯСЫНДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанда футболды дамыту жөніндегі тапсырмасы аясында облыс әкімі Берік Уәли KAZ Minerals Тобының басшылығы және «Елімай» футбол клубының өкілдерімен кездесті. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

KAZ MINERALS ТОБЫ – «ЕЛІМАЙ» ФУТБОЛ КЛУБЫНЫҢ АКЦИОНЕРІ

Еркежан ҚАЙСА, «Semei tanu»

Кездесу барысында өңірдің спорттық инфрақұрылымын дамыту мәселелері, сондай-ақ 2026 жылғы маусымда облыс атынан UEFA Конференциялар лигасына қатысатын «Елімай» футбол клубының алдағы даму болашағы талқыланды.

Кездесуге қатысушылар көсібі спортты дамытудың мемлекет пен бизнестің серіктестігіне негізделген, клубтардың ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ететін неғұрлым теңгерімді үлгісіне көшу маңызды екенін атап өтті. Бұл тәсіл Президент айқындаған спорт саласындағы жалпыұлттық бағыттарға сәйкес келеді.

Кездесу барысында инфрақұрылымдық базаны дамытуға, жас футболшыларды даярлауға және алдағы маусымдарда клубтың жүйелі жұмыс істеуіне қажетті жағдайлар жасауға ерекше назар аударылды.

Аймақ басшысы мемлекет тарапынан өңірде футболды дамытуға қолдау көрсету жалғасатынын атап өтті.

KAZ Minerals Тобы клубтың қызметін ұйымдастыруға, соның ішінде клуб командаларының Қазақстан Республикасының ішкі жарыстарына және



Еурокубоктарға қатысуын қамтамасыз етуге қатысты міндеттемелерін растады.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар футболды және өңірдің спорттық инфрақұрылымын дамытуға бағытталған өзара іс-қимыл форматтарын одан әрі пысықтау және бірлескен жұмысты жалғастыруға мүдделі екенін білдірді.

«Елімай» футбол клубы – бұл жай ғана спорттық команда емес, Абай облысының тарихи және заманауи болмысының бір бөлігі. Біз үшін клубтың дамуы инфрақұрылымға және жас спортшыларды даярлауға негізделген жүйелі әрі тұрақты болғаны маңызды. Мемлекет пен бизнестің сындарлы өзара іс-қимылы өңірде футболдың

одан әрі дамуын қамтамасыз етеді деп сенемін, – деді Берік Уәли.

«KAZ Minerals Management» басқарма төрағасы Эльдар Мамедов компания өңірлерде ұзақ мерзімді әлеуметтік жобаларды іске асырып келе жатқанын атап өтті.

«KAZ Minerals өңірлердегі көптеген бағытта, оның ішінде спорт инфрақұрылымы саласында ұзақ мерзімді әлеуметтік жобаларды жүзеге асырып келеді. Біз спортты дамытуға өңірді болашағына салынған инвестиция ретінде қараймыз және қоғамдық маңызы бар жобалар бойынша бірлесу жұмыс істеуге ашықпыз, – деді «KAZ Minerals Management» басқарма төрағасы.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен кеңейтілген аппараттық кеңес өтті. Жиында өңір тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету, облыс аумағындағы эпизоотиялық және эпидемиологиялық ахуал, азаматтардың өтініштерін қарау және халықпен ашық байланыс мәселелері қаралды. Кеңеске облыстық басқарма басшылары, өңірлік департамент жетекшілері қатысты. Аудан және қала әкімдері бейне-режимде қосылды.

КЕҢЕЙТІЛГЕН АППАРАТТЫҚ КЕҢЕС ӨТТІ



Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Раджан Сейітқанов, ветеринария басқармасының басшысы Ержан Барышев, облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Нұржан Ноғайбаев, сондай-ақ, облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Нұржан Есенжолов баяндады. Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының мәліметінше, қазіргі уақытта облыс аумағында ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша жалпы құны 24,9 млрд теңгені құрайтын 32 жоба жүзеге асырылуда. Оның ішінде 13 жоба толық аяқталып, 20731 адам сапалы ауыз сумен қамтылды. Аймақ басшысы жиында салаға жауапты орынбасары мен өңірдегі барлық ауыз су нысандарындағы жұмысты қысқа мерзімде толық аяқтап, халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуді тапсырды.

«Тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету – жыл сайын ерекше назар аударуды талап ететін маңызды мәселе. Мемлекет басшысының тікелей бақылауындағы мәселе. Халықтың өмір сүру сапасын арттыру, сумен жабдықтау инфрақұрылымының тұрақты жұмы-

сын сақтау және коммуналдық саланың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету – біздің басты міндетіміз. Облыс аумағындағы бірқатар елді мекендерде су ташылығы мен желілердің тозу қаупі сақталып отырғанын ескере отырып, барлық жауапты органдардың жобаларды іске асыру деңгейін, қабылданған жатқан шаралардың тиімділігін және су құбыры нысандарының әзірлігін нақты бағалау қажет», – деді облыс әкімі.

Облыстағы эпизоотиялық жағдайға тұрақты мониторинг жүргізіліп, ауру ошақтарының пайда болуына және оның таралуына жол бермеу мақсатында ветеринариялық қызметтер тарапынан тиісті іс-шаралар атқарылуда. 2025 жылдың профилактикалық және диагностикалық іс-шаралар жоспарына сәйкес ауыл шаруашылығы және жабайы жануарлардың аса қауіпті 11 ауруына қарсы 7,1 миллионнан астам профилактикалық манипуляция және 2 миллионнан астам диагностикалық зерттеу жүргізілді. Бруцеллезге қарсы 2 миллионнан астам мал тексерілді. Биыл 10-нан астам қауіпті ауруға қарсы 8,1 миллион екіпке жүргізу жоспарланған. Өңірде эпизоотиялық жағдай тұрақты бақылауда. 2025 жыл және ағымдағы жылдың қаңтар айының қорытынды-

сы бойынша карантиндік және аса қауіпті инфекциялар тіркелмеген. 2026-2027 жылдары ветеринариялық инфрақұрылымды дамыту аясында елді мекендерді 7 ветеринариялық станция, 111 ветеринариялық пункт және 118 мал қорымымен қамтамасыз ету жоспарланған. Сонымен қатар, 2026 жылы лицензия арқылы 24 арнайы техника алу көзделіп отыр. Облыс әкімі 2026 жылға арналған ветеринариялық іс-шаралар жоспарын уақытлы және сапалы орындау қажеттігін атап өтті. 2025 жылы облыс бойынша қаралған өтініштер саны 32 762-ге жетіп, 2024 жылмен салыстырғанда 30,6%-ға артты. Қаралған өтініштердің басым бөлігі бойынша оң шешім қабылданған. Ең көп өтініш білім және денсаулық сақтау салаларына тиесілі. Азаматтарды жеке қабылдау және азаматтарды қабылдау орталықтарының жұмысы кеңейіп, 2025 жылы орталықтарға жүгінгендер саны екі есеге артты. Берік Уәли басқарма басшылары мен аудан-қала әкімдеріне өтініштерді қарау барысында заңнама талаптарын қатаң сақтауға, азаматтарға уақтылы әрі сапалы жауап беруді тапсырды.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ НЫҒАЙТАДЫ



Айрат БАЗЕНОВ, Alikhan Bokaikhan University проректоры

Біз маңызды тарихи кезеңнің алдында тұрмыз. Конституция жай құқықтық акт емес. Ол мемлекеттің саяси-құқықтық архи-

тектурасын айқындайтын негізгі құжат. Билік пен қоғам арасындағы келісімнің институционалды негізі. Референдум – осы келісімді халықтың тікелей еркі арқылы бекітудің ең жоғары демократиялық тетігі.

Қоғам дамиды. Әлеуметтік құрылым өзгереді. Саяси мәдениет өседі. Осындай жағдайда құқықтық жүйенің де жаңғырып отыруы – табиғи әрі заңды құбылыс. Конституцияның өміршеңдігі оның қоғам сұранысына жауап бере алуымен өлшенеді. Еліміздің жетекші қоғамдық-саяси күштері «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» атты Жалпыұлттық коалицияға бірікті. Оның құрамына бес жетекші саяси партияның өкілдері мен миллиондаған азаматтың мүддесін білдіретін 300-ден ас-

там қоғамдық ұйым енді. Бұл – пікір алуандығын жоққа шығару емес. Керісінше, ұлттық мүдде жолында жауапкершілікті бөлісе білу мәдениетінің көрінісі.

Біз эмоцияға емес, аргументке сүйенуіміз керек. Ұранға емес, талдауға жүгінудіміз керек.

Референдум тек саяси шара емес, азаматтық сананың көрсеткіші, халықтың қатысу деңгейі – демократия сапасының өлшемі.

Конституция биліктің емес, халықтың құжаты. Ал референдум – сол халықтың таңдауы.

Біз қоғамдық жауапкершіліктің жаңа кезеңін бастап отырмыз. Бұл үдеріс салмақты, сабырлы және ғылыми негізде өтуі керек. Сонда ғана біз тек референдум өткізбей, саяси мәдениетті жаңа деңгейге көтереміз.

ОТБАСЫ – ҚОҒАМНЫҢ ТІРЕГІ



Гулмарал МҰҚАЛИЕВА, көп балалы ана

15 наурызда ел тұрғындары жаңа Конституция жобасына дауыс береді. Бұл – әрқайсымыз үшін маңызды күн.

Өйткені біздің таңдауымыз балаларымыздың болашағына тікелей әсер етеді. Көп балалы ана ретінде мен үшін ең бастысы – ұрпақтарымның қауіпсіз, әділетті әрі бейбіт мемлекетте өмір сүруі.

Жаңа Конституция жобасында әлеуметтік қолдау тетіктерінің нақтылануы, отбасы институтын нығайтуға, адам құқықтарын қорғауға бағытталған нормалардың айқын көрсетілуі біз сияқты ата-аналарға сенім береді. Кез келген ананың арманы – балаларының құқығын қорғауы, олардың қауіпсіз ортада өсіп, сапалы білім алуы. Ата Заң жобасында осы мәселелердің нақты көрініс табуы жарқын болашаққа деген сенімдімізді нығайта түседі.

Конституция жобасына сәйкес, отбасы, ана, әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Баланы тәрбиелеу мен оған қамқорлық жасау – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті деп көрсетілген. Сондай-ақ кәмелетке толған балалардың еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқор болу міндетінің бекітілуі өте орынды деп білемін. Қазақ халқы үшін ата-ананы құрметтеу, қарттарға қамқор болу – ежелден келе жатқан адамгершілік қағида. «Атана не қылсаң, алдыңа сол келеді» деген нақыл сөз ұрпақтар сабақтастығының мәнін айқын көрсетеді.

Жаңа Конституция жобасы халықтың үніне құлақ асатын мемлекет қалыптастыруға бағытталған деп сенемін. Егер халықтың пікірі ескеріліп, әділеттілік үстемдік етсе, онда балаларымыз да өз елінде еркін өмір сүріп, болашағын осында құрады.

Референдум – аналардың балаларының болашағы үшін таңдау жасайтын сәт. Ертең ұрпағымыз әділетті қоғамда өмір сүрсін десек, әрбір ата-ана 15 наурызда референдумға қатысып, дұрыс таңдау жасауы тиіс.



Ауылдың болашағы жайлы әңгіме бүгін ғана туған жоқ. Біздің бала кезімізде де үлкендер осыны айта-тын. Әкеміз замандары бас қосқанда әңгіме айналып келіп ауылдың тағдырына, болашағына тірелетін. Солардың арасында әкеміз замандасы, бөлімше меңгерушісі болған ақсақал бар еді. Жиған-тергенімен өзіне белгі қалдыруды армандаған қария өмір бойы мекені болған Бөденеге емес, көрші Шағанға мешіт салдырды. Жол бойындағы тас мешіттің маңдайшасына атын жаздырды. Неге өз ауылына емес? Өйткені ол Бөдененің болашағына сенбеген еді.

Тағдыр бәрін керісінше жазды. Бүгін «Қаладан – ауылға» деген сөзді естіген сайын мен әкемді жиі ойлайтын болдым. Оқуымызды аяқтаған соң ата-анамның алты баласына да қаланың тіршілігі бұйырды. Оқу, жұмыс, тұрмыс деп қалаға орныққан біздерге анамыз дүниеден өткен соң ауылдағы әкемізді қалаға көшіру оңай болмады. Ақыры, көндірідік. Қалаға көшірдік. Бірақ адамның өзін көшіруге болғанмен, жүрегін көшіру қиын екен. Ауыл жанынан Семей мен Курчатотты жалғаған пойыз өтетін. Таң ата Семейге, кешкі алтыда Курчатотқа қарай жүйткі жөнелетін. Ол кезде Курчатот атауының өзі жұмбақ естілетін: жабық әскери қала, бөтенге есігі ашық емес. Сондықтан, соңғы станция болғандықтан ба, біз оны өзара «Конечная» деп атайтынбыз. Ауыл үстімен сығып өтетін сол пойыз бізге қалаға қатынаудың ең ыңғайлы жолы еді. Әскерилермен бірге біздің ауыл тіршілігінің бір бөлшегіндей болған сол пойыз да тоқтап қалды.

Семейдегі қазіргі жаңа мешіттің маңында әкем мен анамның балаларына арнап алып қойған жер үйі болатын. Сол үйде кенже ұлы мен келіні тұрды. Әкемді сол үйге көшіріп әкелгенімізбен, көңілі ауыл жақта болды. Үйдің жанынан өтетін темір жолға таңертең ауыл жақтан пойыз келетін уақытта, кешке ауылға қарай жүретін мезетте сыртқа шығып, телмірумен болатын.

«Жаңа пойыздың терезесінен ауылдың біреуін көрген сияқтымын...» - дейтін әкем кейде.

Әрине, ешкімді көрмейтін. Бірақ көргісі келетін. Өйткені ол сағыныш еді. Ауылға барғысы келіп тұратын... Малың тастап кеткен туыстарың сылтау қылатын. «Дәуренбектерге сәлемдеме дайындаңдар... Малдың жайын бір байқап қайтайың», - дейтін. Кешкі алтыдағы пойызға міну үшін түскі он екіден вокзалға асығатын. Ауылға барып келген соң бірнеше күн бойы сол жақтың ауасын ала келгендей жүретін. Сол кезде түсінбейсіз: адам туған жерінен алыстаған сайын жаны соғұрлым жақындай береді екен.

Біздің бөденеліліктердің тағдыры Шағанмен тығыз байланысты еді. Ауылымыздағы барлық бала Шағанда дүниеге келген. Бүкіл Шаған мен Бөденедегі балалардың кіндік шешесі жалғыз акушер Клара апай болатын. Орыс болса да, қазақтың талай шаңырағына қуаныш сыйлаған жан.

Шаған жабық әскери қала еді. Аэродромы, госпиталі, тәртіпке бағынған өмірі бар. Біз үшін ол қол созым жердегі басқа әлем болатын. Бөденеде аурухана да, үлкен дүкен де жоқ. Бар тіршілік Шағанға байланған. Біздің ауылдың тұрғындарының кіріп-шығуына кедергі болған емес.

Шаған мен Бөдене арасында ПАЗ автобусы жүретін. Поштаның жанын-

«Бұл өлкеде пойыздар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай жүйткіп жатады...»

Бұл өлкеде қашықтық атаулы темір жолдың алыс-жақындығына қарай өлшенеді...»

Шыңғыс Айтматовтың әйгілі «Боранды бекет» романындағы осы жолдар, сол пойыздардың үні мен үшін әрқашан өз даламның үстімен өткен пойыздармен, өз әкеміздің сағынышымен үндесіп тұрады.

ШАҒАНҒА ҚАЙТАР ЖОЛ БАР МА?

немесе «Конечнаяға» кеткен пойыз бір күні қайта оралар ма екен?



да жол тосып тұратын әйелдер үшін алдымен шаң, сосын автобустың төбесі көрінген сәт ауыл үшін кішкентай мереке іспетті болатын. Өйткені автобус бірде бар да, бірде жоқ... Жиырма тиын төлеп, басқа әлемге баратынбыз.

Әскери қалашықтағы хош иісі көшеге шығып тұратын наубайхананың ыстық наны мен тоқашының дәмі, ертеңгілік су себіліп тап-туынақтай болып гүлге оранып тұратын кең көшелері, тәртіпті тіршілік - бәрі санамызда балалықтың жарқын беттеріндей болып сақталып қалды. Ал біздің ауылдың тамыры Ертістің арғы бетіндегі Долонмен байланысты. Бөдене - сол Долон ауылдық округінің бөлімшесі.

Құмдауыт топырағында ерекше тәтті қарбыз өсетін. Бір кезде Мәскеуге дейін жеткен, ВДНХ-ға қойылған атақты Долон сорты сол біздің жердің өнімі еді. Қып-қызыл, дәмі балдай, жаздың иісі бұрқыраған, сопақша келген сол қарала қарбыз сорты қазір жоқ болып кетті. Күзде ауылдың балалары қарбыз жинауға баратын. Теңкип-теңкип жатқан қарбыздар даласы біз үшін жұмыс емес, жазбен қоштасу мерекесі сияқты еді. Қайтарда әр балаға бір қаптан қарбыз алып қайтуға рұқсат берілетін.

Біздің ауылда, жалпы, әр үйдің темір көреуетінің асты толған қарбыз болатын. Үйдің іші осы қарбыздармен бірге жаздың иісін ұзақ сақтап тұрғандай сезілетін.

Сол иіс... Бала күніміздің, бақытты шақтарымыздың иісі еді.

Біздің Долон өңірінен тағы бір әңгіме естігенім бар. «Ахау, Семей!» әнінің авторы - Долонда тұрған Бадалаев атты орыс» деген әңгімені үлкендер айтып жүретін. Бұл жайлы кейіннен кезінде "Семей таңы" газетінде қызмет істеген Мұқан Имашев ағамыз да айтып еді. Шын-өтірігін кім білсін... Бірақ баянмен айтылатын сол әннен біздің даланың үні бар сияқты көрінді. Әкем кейде сол әнді ыңылдап отыратын. Дауыстап емес. Жай ғана, өзіне ғана естілетіндей. Сол кезде мән бермейтін. Енді ойласам, ол әнде туған жерден алыстаған адамның сағынышы бар екен.

Еліміз Тәуелсіздігін алған күні Шағанның тағдыры мүлде басқа арнаға бұрылды. Қалашық бір-ақ күнде қаңырап бос қалды. Кеңес Одағы құлаған күні әскерилер тарап кетті. Тек чемодандарын ғана алып... Үйлерін жиһаздарымен тастап кетті. Пойыз тоқтады. Госпиталь үнісі қалды. Кеше ғана тіршілігі тасып тұрған қала бір күнде өлі мекенге айналды. Ал Бөдене аман қалды. Бірақ сыңарынан айырылып, жетім қалғандық болды. Өйткені Шаған мен Бөдене тіршілігі біте қайнасқан ауылдар еді. Уақыт өте Бөдене ауылының тұрғындары бірігіп, жаңа мешіт тұрғызды. Бұл туған

ауылынан аттап, Шағанға мешіт салып кеткен ақсақалдың күмәніне берілген үнсіз жауаптай еді. Қазір екі мешіт бар: бірі қаңыраған қаланың шетінде, бірі тіршілігі қайнаған ауылдың ортасында.

Екеуінің арасы - біздің тарихымыз. Бүгін Шаған тағы бір таңдау алдында тұрғандай. Ірі өндіріс, инвестиция, жаңа жобалар туралы әңгіме көп. Бірақ бұл жер - жай ғана өндіріс алаңы емес. Мұнда мыңдаған баланың кіндік қаны тамған. Кейде ойлаймын... Егер сол жерлерге мұсылман халықтарының табиғатына жат доңыз бордақылайтын кәсіпорны емес, Долонның баяғы қарбызы қайта егілсе ғой. Бір кезде Мәскеуге дейін жеткен сол сорт қайта тірілсе, керемет емес пе? Бұл далада сондай бір дәм болғанын келешек ұрпаққа жеткізу керек ғой...

Ол үшін бізге, бәлкім, тағы бір топ бастайтын ақсақал керек шығар. Бірақ бұл жолы мешіт салатын емес, қаңыраған мекенге жан бітіретін. Біз индустрия туралы айтамыз, инвестиция туралы айтамыз. Бірақ жердің де жаны бар екенін ұмытып барамыз. Бұл бос жатқан аумақ емес. Бұл - біздің кіндік қанымыз тамған жер. Мұнда ата-анамыз бақытты өмір сүрген. Сүйген. Үміттенген. Болашаққа жоспар құрған.

Шағанның тағдыры - бір ауылдың

Қалаға хат

Қаланы қопардың да, шайқадың да, Бірақ, бақыт таппадың, байқадың ба? Бақыт деген қалаға барған жоқ қой, Бақытты болғың келсе, қайт ауылға!

Бақытты біреуі едің жалпы адамның, Артығын табамын деп арқаландың. Сен қалаға кеткенде, бақыт деген Қасында қалған еді қарт анаңның!

Бақыт қалған ауылда, саман үйде, Қалды ол сол әуелгі бала күйде. Бақыттыңды іздесең, ауылға кел, Бақыт әлі ауылда бар, әрине!

Иә, бақыт қалаға бармай қалған, Ауылды бақыт қия алмай қалған. Ал сен оны қаладан іздейтін ғой, Қарашы, өмір деген қандай қалған?

Салмағы сағыныштың ең ауыр ма? Сағынсаң, келсеңші енді, кел ауылға. Біржола келмесең де, тым құрыса, Келсеңші, тынығуға, демалуға.

Таста да жұмысыңды, сауығыңды, Келіп бір, қуантсаңшы ауылыңды. Көлігіңді көрсету үшін келме, Көру үшін кел елді, бауырыңды!

Сені ауыл күтеді, ал асыға, Келе жатқан шығарсың шамасы да. Қолыңда бір көмпитің артық болса, Алып кел ауылыңның баласына.

Қаладан үй салсаңда хан қасына, Ауылыңның үйіндегі бар ма, сіра? Бір шегең артық болса, ойланбастан Әкеліп қақ ауылдың ауласына.

Ауыл солай биікте қалу керек, Сол ауылға ерінбей бару керек. Адамның кіндік қаны тамған жерге, Маңдайының тері де таму керек.

Қадірін туған жердің сеніп, білші. Елге қарай өзіңді еліктерші! Ештеңе бермесең де, ауылыңа, Сәлем беріп кетуге келіп тұршы!

Бауыржан ШИРМЕДИНҰЛЫ

тағдыры емес. Тұтас қазақ даласының алдында тұрған сұрақ: біз жерді тек игеріп қана қоймай, сақтай да аламыз ба? Егер біз Жер-Ананы құрметтемесек, ертеңгі ұрпақ бізді кешірмейді. Тарих бізді кешірмейді. Шағанға қайтар жол бар. Бірақ ол жол өзінен-өзі салынбайды. Оны адамдар салады. Ниет салады. Ар салады. Бәлкім, бір күні осы далада тағы да пойыздар жүйткір. Айтпақшы, сол электрікқаға ұқсайтын вагондар қазір қайда екен?

Шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай. Айтматов жазған пойыздар уақыттың жүгін тағы бір арқапалап өтер. Тек жадымызды алып өтпесе екен. Бәлкім, сол жолдардың бірі бүгін "Қаладан – ауылға" болып қайта ашылар... Егер адамдар туған жеріне қайта бастаса, дала да өзгереді. Бәлкім, бір күні осы қаладан тағы да қарбыз иісі шығар. Сонда біздің жоғалтқанымыз да қайтып келер.

Сенейік! Үміттенейік! Тек СЕНИМГЕ СЫЗАТ ТУСПЕНІК!

Риза МОЛДАШЕВА

АҚБҰЛАҚ СІЗДЕРДІ КҮТЕДІ

«Қаладан – ауылға» жобасы аясында Жаңасемей ауданына қарасты Ақбұлақ ауылының әлеуетін көпшілік назарына ұсынамыз.



Ақбұлақ – тарихи тағылымды, бүгінгі тірлігі берекелі, ертеңіне сенім мол елді мекен. Бұл қасиетті топырақта қазақ өнерін әлемге танытқан, Алаш рухын асқақтатқан күміс көмей өнші Әміре Қашаубаев дүниеге келген. Сондықтан бұл ауылдың әр қарыс жері – рухани мұра.

Бүгінде Ақбұлақ – еңбегімен еңселі болған, бірлігі жарасқан ауыл. Мұнда адал еңбек еткен адамға өріс бар, кәсіп бастайтын дегенге қолдау бар, мал өсірімен дегенге жайлы жер бар. Табиғаты таза, тіршілігі тиянақты ауыл отбасымен тамыр жайып, берік болашақ қалыптастыруға қолайлы мекен саналады.

«Ауыл – алтын бесік» деген ұғым – жай ғана теңеу емес, ұлттың тамырымен тамырлас тағдырлы түсінік. Осы қағиданы негізге алған «Қаладан – ауылға» жобасы туған жерге тіршілік дарытып, ауылға жаңа тыныс әкелуді көздейді. Бұл бастама арқылы ауылдардың өңесі тіктеліп, тұрғындардың әл-ауқаты артып, жайлы өмір сүруге жаңа мүмкіндіктер ашылады деп сенеміз.

Қадірлі ағайын, табиғатпен үндес, ұлттық құндылықпен сабақтас өмірді таңдасаңыз – Ақбұлақ ауылы сіздерді күтеді.

Айта кетейік, газет бетінде бірқатар ауылдар туралы мақалалар жарияланып, олардың тыныс-тіршілігі мен мүмкіндіктері таныстырылуда. Алдағы уақытта да әлеуеті жоғары елді мекендер туралы нақты әрі мазмұнды ақпарат ұсынуды жалғастырамыз.

Ауылға ат басын бұрайық!

Роза ПУШПАҚОВА

Облыс басшысы Берік Уәлиұлының бастамасымен қолға алынып отырған «Қаладан – ауылға» жобасын ауылдық елді мекендердің дамуына тын серпін беретін өзекті әрі тиімді бастама деп қабылдаймын.

«АУЫЛДА АДАМ БАР БОЛСА, АУЫЛ АДА БОЛМАЙДЫ»

Ауыл – елдің алтын бесігі, береке мен бірліктің бастауы. Салт-дәстүрдің, тәрбие мен тағылымның қайнар көзі. Бауырмалдық пен қонақжайлық сияқты халқымызға тән қасиеттеріміз сақталған, адам жанын тыныштандыратын ерекше мекен. Мен де шежіреге толы ауылда туып-өсіп, білім алып, үлкен өмірге қадам бастым.

Қанатқақты жоба аясында тұрақты жұмысы жоқ қала тұрғындары мен жас отбасылардың ауылға көшуін ынталандыру арқылы әлеуметтік мәселелерін шешуге қолдау көрсету, ауылдық жерлердегі жұмыс күші тапшылығын азайту, агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамыту, шағын және орта бизнесті кеңейту арқылы ауылдың әлеуетін арттырып, тұрғындардың өмір сүру сапасын жаңа деңгейге көтеру көзделіп отыр. Үлкен мақсат жүйелі жұмысты талап етеді. Облыс әкімдігі тарапынан нақты қолдау тетіктері қарастырылуда. Ауылға қоныс аударған азаматтарға кәсіп ашуға, мал шаруашылығын дамытуға жеңілдетілген несие алуға қолдау көрсетіледі.

Ауыл өмір сүруге қолайлы ортаға айналуы тиіс. Бүгінде Мемлекет басшысының тапсырмасымен ауыл инфрақұрылымын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт нысандары салынып жатыр. Осындай қолдау көрсетіліп отырған шақта бұл нысандардың тұтынушылары азаймауы тиіс. Ауыл мен қаланың инфрақұрылымын теңестіру - халық саны кеміп бара жатқан елді мекендерді сақтап қалудың бірден-бір жолы екені анық.

Жоба ауыл мектептеріндегі оқушы санының кебеюіне, ме-



дициналық қызмет көрсету ауқымының кеңеюіне, мәдениет саласының жандануына, жастардың ауылда тұрақтап қалуына ықпал етеді деген сенімдемін. Сонымен бірге бұл бастама ауыл мен қала арасындағы әлеуметтік тепе-теңдікті сақтауға жол ашады. Бородулиха ауданы экономикасының негізгі саласы – ауыл шаруашылығы. Ауданда асыл тұқымды ет және сүт бағытындағы ірі қара өсіріледі, егін шаруашылығы дамып келеді. Сонымен қатар Жезкент кен байыту комбинаты да өңірдің өндірістік әлеуетін арттырып отыр. Дегенмен нағандық кезеңдерде жұмыс қолының жетіспеушілігі қиындық тудырады.

Біздің ауданда да реңі солып, артта қалып бара жатқан ауылдар жоқ емес. Мен басшылық жасап отырған Андреевка ауылдық округінің тұрғындарының көпшілігі шаруа қожалықтарында еңбек етеді. Олардың тұрмысы түзу, тіпті өзгелерден көш ілгері деуге болады. Жеке шаруашылығын да деңгелетіп отырған жерлестерімізді үлгі етеміз. Қожалық басшылары жұмысшыларына жағдай жасап, жем-шөп, отын-су мәселесінде қолдау көрсетуде. Бұл – ауыл хал-

қының өзара жауапкершілікке негізделген үлгісі.

Бүгінде ауылдағы 250 орындық мектепте 94 оқушы ғана білім алууда. Мәдениет үйі, фельдшерлік және мал дәрігерлік пункттер, пошта бөлімшесі халыққа қызмет көрсетіп отыр. Елді мекен халқының санын көбейту – күн тәртібіндегі мәселе. Округке қарасты «Новая Заря» шаруа қожалығында бос жұмыс орындары бар, «Қаладан – ауылға» жобасы аясында көшіп келуге ниетті отбасыларды қожалық тарапынан тұрғын үймен қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Аудандық Мансап орталығымен тұрақты байланыстамыз.

Осы бағытта мемлекеттік бағдарламалар мен облыс әкімдігі тарапынан нақты қолдау тетіктері қарастырылуда. Ауылға қоныс аударған азаматтарға кәсіп ашуға, мал шаруашылығын дамытуға жеңілдетілген несие алуға қолдау көрсетіледі.

«Қаладан – ауылға» жобасы тұрақты табысы жоқ қала тұрғындарына, жас отбасыларға жаңа мүмкіндік береді деп сенемін. Мемлекеттік бағдарламалар тиімді іске асып, әлеуметтік жағдай жақсарып, ауылдарымыздың түтіні түзу ұшса, баршамаз үшін ортақ жеңіс болмақ.

«Ауылда адам бар болса, ауыл ада болмайды, ел иесі бар болса, елі ала болмайды» деген екен Бұхар жырау. Ендеше, ауылға кел, ағайын. Ауылды бірге тіптейік!

Гүлмира ИЛЬЯШЕВА,
Андреевка ауылдық округі әкімі,
Бородулиха ауданы



АЛАШ ТУЫ АСТЫНДА

5 наурыз - Әлихан төре Бөкейхановтың туған күні

Жарық күннің астында, жер-жаһанның жүзінде саналы адам (хомесапенс) жер басып, адам ретінде тік жүргені екі жарым миллион жыл болды. Ұлы ғалым Юваль Ной Харрари айтпақшы, (төрт томдық адамзат тарихының авторы) миллиардтаған жылдармен өлшенетін ғарыш тарихында, миллиондаған жылдармен өлшенетін тіршілік - адамзат тарихында діндер мен ұлттардың, мемлекеттердің шығуы кеше ғана...

Сақтар мен ғұндардан бастауын алатын біздің халқымыздың тарихы, негізінен, Ұлы Түрік Қағанатынан басталады. Бесінші - сегізінші ғасырлар аралығында «Басы биік Балқантаудан» басталып, тұмсығын Ұлы Қытай қорғанына тіреген ұлы қағанат төрт жүз жыл өмір сүрді! «Сплотила навеки великая русь!» деген СССР бар-жоғы жетпіс-ақ жыл ғұмыр кешті...

Біздер, бүгінгі жетпіс-сексенге келген аға ұрпақ, сол СССР-дің тонынан шыққан соңғы «поколениеміз», алақандай қазақтың алатаудай қасіретін сезіп өскен ұрпақпыз...

Ұлы Түрік Қағанатының ыдырау кезеңіндегі Найман, Керей хандықтарының, Қимақ-қыпшақ конфедерациясының, қарлұқтар мен түркештерге бөлінулер мен жарылулар кезеңдерін бастан кешіп, Ұлы Шыңғыс қаған туы астына топталып, жар-ты өлемге құлаш ұрған кезеңін де білдік... Бүгінгі қазақ мемлекеттігі Жошы Ұлысынан басталып, Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда, Қазақ Ордасы, Ноғай Ордасы, Алаш Ордаға жеткенше мың өліп, мың тірілдік...

Бүгінгі күні біз азат Ел болып, орнатып жатқан «Қазақстан Республикасы» деп аталатын мемлекеттің Алаш арманы еді!

Қазақтың бүгінгі көрінісі ғалымы Мұхтар Құл-Мұхамед өзінің «Алаш партиясының саяси платформасы» деген еңбегінде: «Қазақ ренессансы - Абай өлген соң Абайды танудан басталды!» деп атап өтсе, Абайды танудың басында кімдер тұрған еді? Алаштықтар! Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов Абайдың ғылыми өмірбаянын орыс тілінде жазды. Қазақ әдебиеті теориясының негізін салған Ахмет Байтұрсынұлы сол теория негізінде Абайдың бүкіл шығармашылығын талдап шығып, «Қазақта бұрын-соңды бұндай ақын болмаған», - деп, Абайды қазақтың БАС АҚЫНЫ деп жариялады. Алаштықтардың барлығы жоғары білімді пассионарлар еді, олардың барлығы да абайтанушылар болатын.

Он тоғызшыны ғасырда отырып, үш қатыны бар, үш мың жылқысы бар Абай кедейдің жұртысын жұртқан жоқ, бүкіл қазақтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, ешқандай партияның поручениесіз жиырмасыншы ғасырдың Алашын дабынданды деп толық айта аламыз...

1917 жылдың 12 декабрінде, Орынборда, екінші бүкілқазақ съезінде жарияланған Алашорда үкіметі Абайды өзінің ұлттық идеологиясының басына қойды және Семей қаласын қазақтың астанасы деп жариялады!

Алашорда үкіметі Семейге 1918 жылдың сегізінші ғинуарында келді!

Бүгінгі «Әліхан музейінің» ғимараты патша заманында генерал-губернатордың штаб-квартирасы болса, патша құлағаннан кейін «Бостандық Үйі» аталған болатын. Біздің заманымызда «Ленинград Смольнига келуі» дегенді қатты оқытса, сол заманда «Әлихан Семейге келуі» деген тарихи оқиға да сондай, алаш үшін ерекше құбылыс болды... Осы ғимараттың бүгінгі Абай көшесі жағындағы баспалдақта тұрып, қазақтың алашшыл ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров Әлиханға арналған құттықтау өлеңін оқыса, сыбаннан шыққан он жеті қарақеткіз бірі Әріп Төңірбергенов домбрасын сабапала, құттықтау толғауын шашу етіп шашты!

Алашорда үкіметінің басшысы Әлихан төре алаш қозғалысының мақсаты мен мүддесін халқына жариялады. Әлихан ұлт көсемі ғана емес, үлкен ғалым еді. Ол өзінің ғұмырында Тұчинаның экспедициясының құрамында қазақ жерінің түкпір-түкпірін қалтырмай аралап, жан саны мен мал саны ғана емес, қазақ жерінің бар өлкесінің жер банитировкасын да түгел зерттеп, қарашекпен-перселендерге беретін қазақтың артық бір гектар жері жоғын мәлімдеп, «ЖЕР, ЖЕР ЖӘНЕ ЖЕР!» деген атақты ұранын тастады!

Алашорда өзінің программасында Жапония сияқты еуропалық типтегі, демократиялы зайырлы мемлекет құратындығын, жапондар бұл мақсатқа жиырма үш жылда жетсе, біз жиырма бес жылда жетеміз деген мақсат қойды. Мемлекеттік басқару формасы - президенттік, заң шығару органы - дума, ұлтына, жынысына, әлеуметтік жағдайына қарамай тең ері тікелей сайлау! Біз бытырғы жылы бүкіл Қазақстан бойынша бірінші рет Семей қаласының өкімін тікелей сайладық. Алаш мақсатының көрінісіндей болғанын айта кеткіміз келеді.

Тарихта кез келген мемлекет өз мемлекеттігін қорғау үшін ескерін жабдықтады. Сол кезде қалыптасқан тарихи жағдайға байланысты қазақ халқы талан-таражаға түсіріп, тоздырмай сақтап қалу үшін алаштықтар алаш ескерін жедел түрде құру үшін алдарына шұғыл түрде мақсат қойды. Қолкач та, Уфа факториясы да бұл алаш идея-

сын қабылдамады. Темпачи, «ұлттық тәуелсіздік» дегенге большевиктер де тізгін беруден бас тартты. Амалсыз дейміз бе, не дейміз, «ұлттық автономияны» атаман Анненков қана қолдады. Осы армияның құрамында Алашорда үкіметінің 16 алаш атты ескер полктері тұрды.

1918 жылдың 6 июлінде Семейде Алаш әскері полктерінің парады өткізілді. Қазіргі Орталық саябақтың орнында ол күндері Никольск деген үлкен православие шіркеуі тұрған болатын. Осы шіркеудің алдындағы үлкен алаңда влаш әскерінің парадына он бір полк қатысады. Әскери парадты автомобильдің үстінде тұрып Алашорда үкіметінің басшысы Әлихан Бөкейханов пен атаман Анненков қабылдайды. Парадқа қатысқан ең шеткі полк Қостанай полкі болады. Оралдың Жымпитысындағы бес алаш полкі, жері тым шалғай болғандықтан, бұл парадқа қатыса алмады. Қостанай полкін Семейге өз қаражатымен Абайдың ұлы Тұрағұл Құнанбаев әкеледі. Бір қызығы, осы полктің құрамындағы алаш жауынгері Бейімбет Майлин Семейге тұңғыш рет келеді.

Осы салтанатты парад туралы аяғездік ақын-драматург Мұхитзар Титақов «Мұрат үшін майдан» атты драма жазады. Сол үшін «халық жауы» болып, 58-статьямен итжеккенге айдалады... Ғайыптан тайып, періштесі қағып, елуінші жылдардың аяғына таман еліне оралады... Аяғезде көшеде, базарда арақ ішіп, қаңғырып жүріп дүниеден өткен екен жарықтық... Айдын Рысбек деген жампоз 2008 жылдары «Мұрат үшін майданды» КНБ-ның архивінен алып шығып, қолжазбаны бүгінгі абыз Мұхамеджан Мұхамедиевке кириллицаға аудартып, Астанаға апарып, сахнаға қоятындығы біреуінен де күні бүгінге дейін орын таппай келеді...

Бүгінде өртеніп кеткен зоветинституттың ғимараты бір кезде қыздар гимназиясы болса, азамат соғысы кезінде біраз уақыт атаман Анненковтың штаб-квартирасы болған. Алаш әскерінің қолбасшысы Міржақып Дулатов сол штабта отырған. Парадқа қатысқан он бір полктің жетеуі парадтан кейін Жетісу майданына жіберілді. Осы жеті полктің комиссары болып Отыншы Әлжанов тағайындалады. Қызылдар мен алаштықтардың кескілескен соғыстары бүгінгі Ұржар, Мақаншы, Үшарал, Лепсі, Андреевка, Сарқан, Ақсуа өтеді. Совет тарихына мәлім атақты «Черкасская оборона» қызылдардың алаш әскерінен қорғанып болатын... Бүгінде Сарқандтағы музей сол баяғы советтік стильде қызыл большевиктердің алаштан қорғандығы «ерлік даңқын» дәріптеумен айналысуда...

Ұржардағы қызыл мен алаштың қантөгісі бүгінгі күнге дейін бір жақты ғана большевиктер тарапынан айтылып келеді... «Красные Горные Орлы Тарбағатай» партизан отрядының командирі Мамонтов алаш комиссары Отыншы Әлжанов екеуі Томскке, университеттің бір тобында оқыған екен. Азаматтық идея жолындағы шайқас екеуін Ұржарда қарсы жақтардың командирлері ретінде кездестірді... Отыншы Алаш полкін шегіндіріп өктуі үстінде, Ұржар шіркеуінің мұнарасына пулеметпен бекініп, жанкешті ұрыс салып, шіркеудің мұнарасында өртеніп кетеді. Күні бүгінге дейін Отыншының арауығы жерге түсе алмай, Ұржар аспанында өлі қалықтап тұр... 2016 жылы меценат Қуат Есімхановтың көмегімен Ұржарда Отыншының ескерткіші тұрғызылды...

Бүгінде атаман Анненковтың армиясының «жауыздығы» жайында баяғы советтік «әулауламен» ғайбатталған пікірлер қарша борауда. Иә, большевиктерді қолдағандарды Анненков ерекше нысанаға алғаны с. Сәкен Сейфуллиндер сияқты қызылдар жағындағы большевиктерді «Азап вагонында» азаптап, қызылға қараған орыс ауылдарына дейін қынадай қырғаны с. Мысалы, Ұржар, Мақаншы өңіріндегі тау бекетіндегі орыс деревнялары Новотроицк, Благодарное, Покровка, Некрасовка, Ново-Андреевка, Афанасьевка, Алексеевка, Ириновка, Асаковка, Кировка, Благодарное ауылдарындағы ескерткіштер - осыны айтағы... Ал атаман Анненков бірде-бір қазақ ауылдарын шапқан емес... «Атаманның ақыры» фильміндегі атаман Дутов, оның дивизиясы, Шәуешекте жиырмасыншы жылдары қалған генерал Бакиштің дивизиялары атаман Анненковтың армиясының құрамындағы дивизиялар болатын. Атаман Анненков Қытайдағы Шыңжаң өлкесіндегі Майлы жайырдан бес болыс елге жер алып, большевиктердің тонауынан бірталай елді құтқарып қалғанына тарих куә...

Бүгінгі Семей қаласының Жаңа Семей бөлігі 1917 жылдан 1927 жылдың 8 қазанына дейін - он жыл бойына Алаш қаласы атанып келіп, жиырма жетінші жылдың 8 қазанында Семей облыстық губисполкомның шешімімен Жаңа Семей атан-



ды. Алаш қаласының думасы, Алаш қаласының земствосы жұмыс істеді (бүгінгі тілмен айтқанда, қала әкімшілігі) Алаштан қалған соңғы могиқан, ұстазымыз Қайым Мұхамедхановтың арқасында студент кезімізде қаладағы Алашордаға қызмет еткен ғимараттардың бірталайымен таныс болдық...

Семей губерниялық Земство төрағасы Алашорда өкіметінің мүшесі Райымжан Мәрсеков болды. Райымжан сонымен қатар Алашорданың Сыртқы Істер министрі де болды. 1918 жылдың мамыр айында Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Райымжан Мәрсеков үшеуі Семейден шығып, Аягөз, Ұржар, Мақаншы арқылы Шәуешекке өтіп, Қытайдың жергілікті өкіметімен келісімшартқа отырды. Бұл туралы Мұхамеджан бәдірәтшінің (портретші) түсіріп фотосуреті біздің заманымызға жетті. Онда алаш көкірлері ортаға алып түскен Шәуешек зиялылары мен өнерпаздары бейнеленген. Жергілікті өкіметпен жасалған келісімшартты бір татар оқымыстысы қолымен көтеріп, нұсқап түскен. Өсет Найманбаевтың бізге жеткен жалғыз суреті де осында. Қабанбай батырдың тікелей ұрпағы - Сүлеймен бидің ұлы Қанағат болыс та ерекше тұлғасымен көз тартады...

Райымжан Мәрсеков 1919 жылы Семейден шығып, қиыр шығыстағы Владивостокқа жетіп, сондағы Жапон консулдығымен байланыс жасап, Алашорда өкіметінің өтінішін ауызша жеткізеді. Ресейдің бір түкпірінде «Алашорда» деген өкіметтің жарық дүниеге бар екендігін мойындату еді... Және Владивостокта өл кезде көптеген шетелдік консулстволар мен елшіліктер жұмыс істеп, өз тауарларын үйіп-төгіп жатқанды, Райымжан Мәрсеков губерниялық земствоға арнайы қаражат бөлгізіп, ауылшаруашылық техникасын алуға сылтау етіп барғанды. Қаншалықты дәрежеде қарым-қатынас жасалды, біз білмейміз, біздің білетініміз: осыдан үш-төрт жыл бұрын жапонияның Хокайдо университетінің профессоры Томахио Уяма Семейге келіп, Әлихан Бөкейханов университетінде кездесу өткізді, қазақша еркін сөйлейді. Райымжанның ауызша айтқан Алашорда өкіметінің жапон тіліне аударылып, бүгінгі бізге Томохио Уяма арқылы жетіп отыр... Райымжан болса сонау Владивостоктан атпен сүйрелетін шөп мешинелер, лобогрейкалар, ат тарақтар екіліп, Тарақты слободақсындағы меновый дворға қойып, қазақ байларына сатқызды...

1927 жылы қызыл чекістер атаман Анненковты Манжуриядан ұрлап алып келіп, қызыл өкімет Семейде соттап, ату жазасына кесті. Көптеген большевиктер куә болды. Атаман Анненковтан жапа шеккен большевиктердің үлкен ескерткіші қазір Семейдегі Орталық парктің төрінде тұр. Әрине, бұл - тарих. 72-ші квартал ауданындағы «Азап вагоны» ескерткіші де сол заманның тарихи ескерткіші.

Қазір алаш әскерінің ерлік жорықтарын зерттеушілер аз емес. Оның басында ғалым, алаштанушы Берік Әбдіғали болса, семейлік полковник Жұмағазы Оразов мынандай мәлімет келтіреді: «Сражение под Уралском - одно из сраже-

ний военных Алаш-Орды с силами Красной армии в ходе Гражданской войны в России. Дата: 15-21 апреля, место Уралск, Казахстан, причина: ВЕСЕННЕЕ НАСТУПЛЕНИЕ армии Колчака на восточном фронте. Противники: Алаш-Орда - РСФСР, Командующие: Жағанша Досмухаметов - Михаил Фрунзе. Силы сторон: Алаш-Орда - 500 человек, Красная армия - 6000 человек; Потери: Алаш-Орда - неизвестно; Кр. Армия - 2000 человек были убиты, 2500 взяты в плен...»

Бұл батыстағы алаш әскерінің теңдессіз ерлігі болатын, тәуелсіздікке деген ұлы ұмтылыстың көрінісі еді...

Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлімхан Ермековтердің қатысу-күрескерлігі және Лениннің бекітуімен бізге бүгінде алаштан мұра болып қалған 17800 шақырымдық бүгінгі Қазақстанның шекарасы!

Сөзіміздің басында айттық: Қазақ ренессансы Абай өлген соң, алаштықтардың Абайды тануынан басталған деп!

Бүгінгі Семей ренессансы Абайдың 180 жылдығын тойлаудан басталды десек, артық айтпағанымыз. Біздер, коммунистер, тәуелсіздіктен кейін де елді коммунистерше басқардық. Бізден кейін билікке келген комсомолдар да, алдыңғы арба қалай жүрсе, соңғы арба да солай жүрді. Бүгін коммунист те емес, комсомол да емес жас ұрпақ ұлттық рухпен билікке келді... Ұлттық рух дегеніміз не?! Олардың жүрегіндегі қайрат, жанарларындағы жарқыл, сөздеріндегі жалын, іштеріндегі ұлтқа қызмет етемін деген лапылдаған от Біз осыны көріп қуаныштымыз. Алаш армандыған, Әлихан армандаған - осы күн!

Иә, бүгінгі шалдар ақыл айтықшы - қырт шалдармыз. Бір қатынымызды басқара алмай отырып, Президентке ақыл айтатындарымыз да жеткілікті...

Десе де, армандауға болмай ма?

АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ БЕ-РІК УӘЛИ МЫРЗАНЫҢ НАЗАРЫНА!

Кезінде Алашорда үкіметінің астанасы болғандықтан, Семейде республикалық мәртебедегі «Алаш музейі» ашылса. Оның алдында граниттен қашалған алаш көкірлерінің бейнелерінен тұратын Алаш аллеясы жасалса.

Сөзімізді Әлихан Бөкейхановтың ескерткіші ашылғанда шығарған өлеңімізмен аяқтаймыз.

БӨКЕЙХАНОВ ЕСКЕРТКІШІ АЛДЫНДА

Таң қалдырып жиырмасыншы ғасырды, Жаңа ғасыр күдіретке бас ұрды. Замананың бұлты дертіп тұрды да, Шапағатты алаш нұры шашылды.

Шашылмай ше, мүмкін бе еді жасыру, Қың түбінен жарып шығар асылды?! Өлеміне асқақтатып Абайын, Бұл қазағың алаш даңқын асырды. Енді, міне, Семейінде Алаштың, Әлиханның ескерткіші ашылды!

Жүрегіме толқын келіп ұрғандай, О, төңірі, сезім еді бұл қандай?! Алты алаштың ардақтысы жиналып, Бөкейханов өзі келіп тұрғандай!

Бүгінгі ұрпақ сен туралы не білген, Солай болар, солай болған тегінен. «Қырдың ұлы» алақандай қазақтың, Алатаудай қасіретін сезінген.

Жауға бермей Көктүріктің бесігін, Алты алаштың ардақтаған есімін. Абылай мен Кенесары атаңыз Және өзің армандаған осы күн!

Сен туралы күмілжіміз неге бізі! Сен сөзгенді бүгін біз де сеземіз. Сен білгенді білу үшін ұмтылып, Сен төзгенге енді біз де төземіз.

Ортамызда ерек туған еңселі ер, Жиналыптыз ту түбіне өңшең ер. Анау жақтан, қайтер еді, жарықтық, Абай атам өзі келіп көрсө егер?!

Сендерсіңдер ұлт иесі, алып кіл, Артымызда алаш деген халық тұр. Біз қашанғы төменшіктеп жүреміз, Қуантайық ұлтымызға барып бір!

Төбемізде Алаш туы желбіреп, Тілегіміз, жүрегіміз өлжіреп, Сүйішпен, қуантайық қазақты, Семейіңе Әлиханым келді деп!

Құсмиял ЖЫРПАЛ

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

07.04.2026 ж., сағат 11:00-де, Абай облысы, Аягөз ауданы, Нарын а.о., Шыңқожа а., С.Бендебаев к-сі, 8 мекенжайындағы Мәдениет Үйі ғимаратында «Бақты-Аягөз» (қолданыстағы «Семей-Ақтоғай» теміржол учаскесіне Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасында үшінші теміржол өткелін салу) теміржол желісі құрылысына пайдаланылатын Абай облысы Аягөз ауданында орналасқан 9 учаскеде «Пионер 1», «Қараул», «КДС-П-Р2», «Карасу», «Шетбастау», «км 35», «км 42», «км 53», «км 63» кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстары жоспары» жобасы бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдау өткізіледі:

Карантин жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.
Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03C>
MgTp2oURVw5K5QzTmmVrQHt0TG.1
Конференция идентификаторы: 677 493 52 75
Кіру коды: YZ1mBb
Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Чайна Харбоур Инжиниринг Компания ЛТД.» Қазақстандағы филиалы. БСН: 240541015694. Мекен-жайы: Астана қаласы, Д.Қонаев көшесі, 29/1, н.п. 1, тел. 87051827688, e-mail: hsktl@chec.bj.cn.

Әзірлеуші: «Жетісу-Жерқойнауы» ЖШС, БСН: 110440009773. Мекенжайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең к., Көшек батыр к-сі, 165. Тел. +77002664282, email: zh.zherkoynau@mail.ru.
Жергілікті атқарушы орган: «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8 (7222) 35-45-35. Ресми интернет-ресурсы <https://ndbecology.gov.kz/> және электрондық мекенжайы grgodnyue_resursy_obl.abay@mail.ru бойынша жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өздерінің қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

07.04.2026 ж., сағат 15:00-де, Абай облысы, Аягөз ауданы, Нарын а.о., Шыңқожа а., С.Бендебаев к-сі, 8 мекенжайындағы Мәдениет Үйі ғимаратында «Абай облысы Аягөз ауданындағы ҚДС-Камеңі учаскесінде 2026-2027 жылдарға арналған кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдау өткізіледі:

Карантин жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.
Онлайн конференцияға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03C>
MgTp2oURVw5K5QzTmmVrQHt0TG.1
Конференция идентификаторы: 677 493 52 75
Кіру коды: YZ1mBb

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Чайна Харбоур Инжиниринг Компания ЛТД.» Қазақстандағы филиалы. БСН: 240541015694. Мекенжайы: Астана қаласы, Д.Қонаев көшесі, 29/1, н.п. 1, тел. 87051827688, e-mail: hsktl@chec.bj.cn.

Әзірлеуші: «Жетісу-Жерқойнауы» ЖШС, БСН: 110440009773. Мекенжайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең к., Көшек батыр к-сі, 165. Тел. +77002664282, email: zh.zherkoynau@mail.ru.
Жергілікті атқарушы орган: «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 8 (7222) 35-45-35. Ресми интернет-ресурсы <https://ndbecology.gov.kz/> және электрондық мекенжайы grgodnyue_resursy_obl.abay@mail.ru бойынша жұртшылық пен мүдделі жұртшылық өздерінің қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады.

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.



Директор -
Риза АСАНҚЫЗЫ
МОЛДАШЕВА

Бас редактор -
Роза ПУШПАҚОВА

www.semeytany.kz
Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № КЗ49VPU0021173, 05.06.2025 ж.
Газет «АБАИ АИМАQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басы шығару баспасы» «Рекламный» обсерваторияда офсеттік әдіспен басылып шығады.
Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.
Аптасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады.
Жарияланған мақалалардың авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.
Меншікті тілшілеріміз: Бороудихада - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12.
Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 30 155



Кезекші редактор Ай-Керім ЖАҚЫП